

## Мұнай өнімдерінің ішкі рыногын тұрақтандырудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 2 тамыз N 1172

Ішкі рынокты мұнай өнімдерімен қамтамасыз ету және мемлекеттің энергетикалық және көлік жүйелерінің іркіліссіз жұмыс істеуін ұйымдастыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мұнай өндіруші компаниялардың қосымшаға сәйкес отандық мұнай өңдеуші зауыттарда қайта өңдеу үшін мұнайды кепілдендірілген беру туралы ұсыныстарына келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігімен бірлесіп бір ай мерзімде "Қазақстан темір жолы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен "ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы жабық акционерлік қоғамының Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі ай сайын бекітетін кестелер бойынша, оның тасымалдануын көздейтін шикі мұнайды (ТМД СЭҚ ТН коды 270900900), темір жол және труба құбыры көлігімен экспорттық тасымалдауды тәртіпке келтіру үшін қажетті шаралар қолдануын қамтамасыз етсін;

ағымдағы жылдың аяғына дейінгі отандық мұнай өңдеуші зауыттар жүктемесінің кестесін бір апта мерзімде бекітсін және оның бұлжытпай орындалуын қамтамасыз етсін;

"ҚазТрансОйл" мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компаниясы жабық акционерлік қоғамының елдің ішінде қайта өңделген мұнайдың нақты көлемін растайтын құжаттар болған жағдайда Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 1999 жылғы 1 сәуірдегі ресми бағамын қолданып, төленген тасымалдау тарифтерін қайта есептеу жөнінде шешім қабылдауын қамтамасыз етсін.

3. "ШМОЗ", "ПМӨЗ", "АМӨЗ" акционерлік қоғамдарына Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігімен және Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен келісілген мұнай өнімдерін қайта өңдеу, шығыстары жөніндегі қызметтердің құнын және қайта өңдеу процесінде алынған мұнай өнімдерін сақтау шарттарын көрсетіп, мұнайды қайта өңдеу жөнінде шаруашылық жүргізуші субъектілерге қызмет көрсетілгені туралы ашық шартты ресми бұқаралық ақпарат құралдарында он күн мерзімде жариялау ұсынылсын.

4. Қазақстан Республикасының Табиғи монополияларды реттеу, бәсекелестікті

қорғау және шағын бизнесті қолдау жөніндегі агенттігі белгіленген тәртіппен:  
отандық мұнай өңдеуші зауыттар ішкі рынокқа беретін мұнай өнімдері өндірісі рентабельділігінің шекті деңгейлерін бекітсін;

Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігімен және Көлік және коммуникациялар министрлігімен бірлесіп өтемдік негізде ішкі республикалық қатынаста мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау мен көлікпен тасуға қолданылып жүрген тарифтерге төмендетуші коэффициенттер енгізілуін қ а м т а м а с ы з е т с і н .

5. Қазақстан Республикасының Инвестициялар жөніндегі агенттігі белгіленген тәртіппен жер қойнауын пайдалануға келісім-шарттар жасау кезінде отандық мұнай өңдеуші зауыттарға белгіленген көлемде мұнай өндіруші компаниялардың мұнай беруін қамтамасыз ететін шарттарды енгізуді көздесін.

6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кіріс министрлігі "Харрикейн

Құмкөл Мұнай" ашық акционерлік қоғамының "ШМӨЗ" ашық акционерлік қоғамының экспортқа сататын мұнай көлемінің труба құбыры көлігімен тасымалдануы жөнінде көрсетілген қызметтерді төлеу шарттарын орындауын бақылауды қамтамасыз етсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялауға жатады.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Д. Ахметовке жүктеледі.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің  
2000 жылғы 2 тамыздағы  
N 1172 қаулысына  
қосымша

Мұнай компанияларының мұнай өңдеуші зауыттарға  
2000 жылғы тамызда мұнай беру кестесі

-----  
Компанияның атауы ! Көлемі, ! Зауыт  
! тонна !  
-----

1. "ҚазақОйл" ҰМК 150 000 Атырау МӨЗ

|  |         |              |
|--|---------|--------------|
| 2. "ҚазТрансОйл" МТҰК                        | 20 000  | Атырау МӨЗ   |
|  | 20 000  | Шымкент МӨЗ  |
| 3. "Харрикейн Құмкөл Мұнай" АҚ               | 150 000 | Шымкент МӨЗ  |
| 4. "Маңғыстаумұнайгаз" АҚ                    | 100 000 | Павлодар МӨЗ |
| 5. "Құмкөл-ЛУКойл" БК                        | 100 000 | Шымкент МӨЗ  |
|  |         | Павлодар МӨЗ |
| 6. "Ақтөбемұнайгаз" АҚ                       | 50 000  | Павлодар МӨЗ |
| 7. "Теңізшевройл" БК                         | 25 000  | Атырау МӨЗ   |
| 8. "Қаражанбасмұнай" АҚ                      | 20 000  | Атырау МӨЗ   |
| 9. "Арман" БК                                | 20 000  | Атырау МӨЗ   |
| 10. "Қазгермұнай" БК                         | 20 000  | Павлодар МӨЗ |
| 11. "Тексакоинтернэшнл Петролеум" компаниясы | 7 000   | Атырау МӨЗ   |
| 12. "Қазақтүркмұнай" БК                      | 4 000   | Атырау МӨЗ   |
| 13. "Қуатамлонмұнай" компаниясы              | 2 000   | Шымкент МӨЗ  |
| Жиыны  | 688 000 |              |

---

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.